## «В.И.Пацаев атындағы » КММ

тамақтану жөнінде мектеп асханасын тексеру бойынша мониторинг комиссия

**Актісі №2**
**10 қыркүйек 2024 жыл**

**Комиссия құрамы:**

Туркпеналина Б -мектеп директоры
Уразбекова Г.Р. - әлеуметтік педагог
Ералина А -мектеп медбикесі
Успанова А.К -кәсіподақ мүшесі
Байтина Д.С -тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Кумарова Г ата аналар комитеті 10 қыркүйек 2024 жылы жоспар бойынша тамақтануды ұйымдастыру бойынша бақылау жүргізді.

Күн тәртібі:
1 Асхана мен тамақтану залының дайындығын қадағалау.
2. Азық түлік өнімдерінің жарамдылығын тексеру.
Тыңдалды:
Бірінші мәселе бойынша: Комиссия мүшесі медицина қызметкері Ералина А.Б мектеп асханасында 3 адам жұмыс істейді, атап айтқанда 1 аспазшы, 1 аспазшының көмекшісі және 1 ыдыс жуушы жұмыс жасайды .
Медициналық кітапша және жұмысқа жарамдылық рұқсаты асхананың барлық қызметкерлерінде бар. Асхананың санитарлық жағдайы жақсы, ылғалды жинау жұмыстары дер кезінде жүргізіледі, терезенің алды, үстелдер, стеллаждар, ыдыстар өз орнында таза, еден жуылған, асхана іші таза , тазалығы үнемі қадағалануда деді. Асхананың іші жайлы, санитарлық талаптарға сай.Асханада 86 орындық бар.
Екінші мәселе бойынша: Уразбекова Г.Р өз сөзінде асхананы жалға алушы азық-түлік сертификаттарын ұсынды. Ет, сүт өнімдерінің жарамдылығы бар. Және де етс, сүт өнімдері дұрыс сақталған. Азық-түлік кестеге және сұранысқа байланысты әкелінеді. Ас іші блогында 3 тоңазытқыш бар, оларда температураны бақылауға арналған термометр орнатылған. Күн сайын аспазшы дайын тамақтың тәуліктік бақылауын іске асырады. Ас ішу блогынын өндірістік аумағында, шкафтар, стелаждар, санитарлық-техникалық жабдықтар жақсы жағдайда. Ас ішу үстелдері ыстық сумен жуғыш құралдарды қосу арқылы жуылады. Күн сайын мектеп директорымен бекітілген ас мәзірі ілінеді. Мектеп медбикесі бракераж журналына күн сайын толтырады. Шикі және дайын тамақтардың журналы бар. Асхананың санитарлы-гигиеналық жағдайы жақсы, барлық талаптар орындалатынын айтты.
Шешімі:
1.Мектеп асханасында бракераж комиссиясының санитарлық жағдайының бақылау жұмысы жалғастырылсын.
2.Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

Комиссия мүшелері:
Туркпеналина Б
Уразбекова Г.Р
Успанова А.К
Байтина Д.С
Ералина А
Кумарова Г

Актімен таныстым:
аспазшы: Казкеева Б.М